№12 Дәріс. Соматикалық фразеологизмдер.

Лексикографтардың пікірінше, кез келген тілдің фразеологиялық қорының 30% соматикалық тіркестер құрайды. І. Кеңесбаев сөздігінде 630-дан аса соматикалық фраземалар тіркелген. Түркі тілдеріне ортақ фраземалық қордың басым көпшілігі соматикалық фраземалар болып табылады. Башқұрт фразеологиясын зерттеуші ғалым, академик З.Г. Ураксин "Фразеология башкирского языка" еңбегінде башқұрт тілінің фраземаларына лексика-семантикалық, құрылымдық-морфологиялық, синтаксистік тіркесімділігі тұрғысынан лингвистикалық анализ жасай отырып, соматикалық фраземалар туралы былай дейді: "Фразеологизмы, общие для большинства современных тюркских языков, образуются чаще всего от названий тела, которые в сочетании с другими словами в прямом значении обозначают положение частей тела, различное состояние или действия органов тела. Употребление их в переносном значении, когда они начали обозначать психическое состояние, способности человека и др., привело в фразеологизации всего словосочетания" [З.Г. Ураксин, 1975; 158 б.].

Фразеологизмдердегі бірінші компонент көбінесе фраза жасаушы ұйытқы сөз болып табылады, бірақ бұл негізгі шарт болып табылмауы керек. Тілдегі кез келген сөз фраземажасамда ұйытқы компонент бола алмайды. Тек халықтың санасында, тілінде ұзақ жасасып келген, байырғы сөздік қордағы лексемалар ғана ұйытқылық қызмет атқара алды.

Фразеологиялық қордың басым көпшілігі болып саналатын анатомиялық атаулар мен дене мүшелері арқылы жасалған фраземалардың саны түркі тілдерінде, соның ішінде қазақ тілінде аз емес. Соматикалық атаулар арқылы жасалған фраземалар көне түркі ескерткіштерінде де көптеп саналады.

Кез келген тілдің лексикалық қорындағы соматизмдердің алатын орны ерекше ескерсек, бұл лексеманың өте көне қабатқа жататынына көз жеткізуге болады. Көне түркі ескерткіштер тілінде кездесетін соматикалық фраземалардың қазіргі түркі тілдерінің көбіне ортақ екенін дәлелдеу қиынға соқпады. Мысалы: kozga tagin [Древнетюрский словарь, 1961; 320 б.]. Қазақ тілінде *көзге түсу,* ұйғыр тілінде *көзгә чүшмәк,* өзбек тілінде *кузга ташланбақ,* қырғыз тілінде *кузга ташланыу,* татар тілінде *козга ташланту;* til bekut "үндемеу" [Древнетюрский словарь, 1961; 560 б.], қазақ тілінде *тіл байлану,* ұйғыр тілінде *тили тутулмақ,* өзбек тілінде *тили тиймақ,* түрік тілінде *дилини тутмақ,* татар тілінде *тел саклау,* қырғыз тілінде *тел сақтау* және т.б.

Сонымен қатар көне түркі тіліндегі соматикалық фразеологизмдердің бірінші есім компоненті басқа түркі тілдерінде өзгерген, ал етістік компоненті сақталған фраземалар да кездеседі. Мысалы, til ac "сөйлеуді бастау" [Древнетюрский словарь, 1961; 559 б.], қазақ тілінде *ашылу*, ұйғыр тілінде *ағзи ечилиақ,* өзбек тілінде *ағиз ачмақ* және т.б. Фактілер көрсетіп тұрғандай, көне түркі тіліндегі *тіл* лексемасын қазіргі түркі тілдерінде *ауыз* сөзі алмастырған. Бір қызығы, көне түркілік вариантын қазіргі татар тілі сақтаған. Мәселен, татар тіліндегі "сөйлеп кету, сөзді бастау және аузы ашылу" мағыналарында *тил ач* фраземасы қолданылады.

Ал көне түркі тіліндегі bogus tog [Древнетюрский словарь, 1961; 110 б.] фраземасы қазіргі түркі тілдерінде төмендегідей формада қолданылады: қазақ тілінде *қарны тоқ,* ұйғыр тілінде *қосиғи тоқ,* түрік тілінде *карин тоқ,* қырғыз тілінде *қарын тоқ* және т.б. Мысалдар көрсетіп тұрғандай, көне түркі тіліндегі bogus "жұтқыншақ" сөзі қазіргі түркі тілдерінде қарын, қосақ лексемаларымен алмасқан. Айта кететін тағы бір факт мұндағы есім компонент фраземаға факультативтік, қосалқы мағына жүктеп тұр. Негізгі фразеологиялық мағына етіс компонент бойында. Салыстырыңыз, қазақ тілінде: *қарным тоқ,* ұйғыр тілінде: *қосақ тоқ =Менің қарным тоқ ~ Мениң қосуғим тоқ; Мен тойдым ~ Мән тоқ* және т.б.;

Қазақ тіл білімінде соматикалық фраземалардың варианттылық сипаты[1], олардың ұлттық-мәдени ерекшеліктері[2], соматикалық фраземалардың процессуалдық мағыналары мен етістіктерімен тіркесімділік қасиеттері және олардың этнолингвистикалық сипаты[3], типологиялық құрылымы әр түрлі тілдердегі соматикалық тіркестерді қазақ тілімен салғастырмалы-типологиялық тұрғыдан зерттеген[4] еңбектер саны аз емес.

Тіл дамуының ерте сатысының өзінде таныс сөздер (лексемалар) негізінде жаңа комбинациялар жасау, жаңа тіркестер қалыптастыру үрдісі болған. Осы таныс комбинацияларға соматикалық атауларды жатқызуға болады. Себебі адам қашан да когнитивтік үрдісті өзін-өзі танудан, байқаудан бастайтыны анық. Адамға етене таныс, жақын атаулар – өзінің дене мүшелері.

Дене мүшелері ұйытқы болған, фраземалар құрамындағы басқа компоненттерге “басшылық” етіп, ықпал жасап тұратын тілдік қорда сақталған кейбір соматикалық фраземалардың ішкі формасында күңгірттілік байқалады. Итальян тілінің фразеологиясын зерттеуші ғалым Т.З. Черданцева бұл құбылысты тіл табиғатындағы ассимиляциялық құбылыс және оның бойындағы метафоралану қабілеті мен контекстік мағынаға ие болуымен қатар кейбір экстралингвистикалық факторлардың нәтижесі деп түсіндіріп, төмендегідей пікір айтады: “Письменные свидетельства человеческой речи и более поздние литературные источники содержат относительно большое количество несвободных словосочетаний, способных, с одной стороны, служить названием новых понятий и предметов и выступать в качестве составных терминов, с другой стороны – описать ситуацию с помощью слов, утративших прямую соотнесенность с тем предметом, обозначением которого они могли являться, и выступать в качестве фразеологических единиц” [Т.З. Черданцева, 2000; 179 б.].

Қазақ тілінің фраземалары құрамында мағынасы қазіргі сөйлеушіге түсініксіз сыңарлар кездеседі. Ол сыңарлар “дайын материал” болып табылатын фраземалардың тұтас мағынасын сол күйінде қабылдағанда ғана сөйлеушіге түсінікті. Мысалы: *тілге тиек ету* “сөзіне сүйеніш, ойына таяныш, себеп”. Мен де өз айтарымды айтып болған соң, *тілге тиек таппай,* амалсыздан үнсіз отырмын (С. Байжанов).

Фраземаға негізгі ұйытқы болып тұрған компонент – *тіл. Ет* көмекші етістігі процессуалдық *(тіл ет < тілде <тілдес)* қызмет атқарып тұр. Фразема құрамындағы *тиек* сөзіне келетін болсақ, ол сөздіктегі мағынасынан (“домбыра шегін көтеріп тұратын құрал”) басқа, не тура, не ауыспалы мағыналары көрсетілмеген. Фраземадағы *тиек* сөзінің мағынасы – “себеп”. “Себеп” тұлғасы араб тілінен ауысқан сөз. Оның түркілік баламасы “сылау”. М. Қашқаридің “Диуанында” *тылдығ* сөзі “сылтау, себеп, негіз” мағынасын береді [Древнетюрский словарь, 1961; 567 б.]. Х-ғасырдың туындысы “Алтун йаруқ” ескерткішінде *тылтағ* “себеп, сылтау, негіз” мағынасында түсіндірілген [Древнетюрский словарь, 1961; 567 б.].

“Бес жүз бес” сөздігінің авторы Ә. Нұрмағамбетов *тілге тиек ету* фраземасына этимологиялық талдау жасай келіп төмендегідей ғылыми тұжырым айтады; “… бүгінгі таңда қолданылып жүрген сөзіміз “сылтау” – ертедегі түркі тілдеріндегі “тылдағ, тылтағ” тұлғаларының дыбыстық өзгерістерге душар болған түрі. Мұны түркі тілдеріндегі дыбыс сәйкестігі заңдылықтары дәлелдейді” [Ә.Нұрмағамбетов, 1994; 282 б.].

Қырғыз тіліндегі *чылтак* [К.К. Юдахин, 1965; 886 б.]; тува тілінде *чылдак, сылдаг* [Русско-тувинский словарь, 1980; 394 б.]; хакас тілінде *сылдағ* [Хакасско-русский словарь, 1953; 207 б.]; якут тілінде *сылтах* [Русско-якутский словарь, 1968; 429 б.].

---

[1] Смағұлова Г.Н. фразеологизмдердің варианттылығы. Оқулық. – Алматы, 1996.

[2] Омиралиева Ж.К. Национально-культурная специфика конвенциональных фразеологизмов с соматизмами. Автореф. дис. … канд.филол.наук. – Алматы, 1999.

[3] Уызбаева Б.К. Қазақ тіліндегі соматикалық етістік фразеологизмдердің этнолингвистикалық сипаты. Филол. ғыл.кандидаты дәрежесін алу үшін дайын.автореф. – Алматы, 1994.

[4] Ахметжанова З.К., Валиханова Р.Е. Сопоставительно-функциональное исследование лексико-фразеологических систем казахского и русского языков. – Алматы, 1999; Сабитова М.Т. Основы немецкой и казахской сопоставительной фразеологии. – Алматы, 1999 және т.б.

Көне түркі тілінде “тылдағ” түбірі – *тыл* немесе *тіл* [Древнетюрский словарь, 1961; 559 б.]. *Тілге тиек* тіркесі “сылтау” фонеметикалық варианты “тілтағ, тылтағ” тұлғасы екі сөз тіркесі ретінде қабылдап, *тіл* және *тағ* деп түсінген. Тағ тұлғасындағы соңғы “ғ” – қазақ тілінде сөз аяғында келмейтіндіктен, үндестік заңына икемделіп *тіл тек* пайда болған. Кейін келе *тек* тұлғасының *тиек* сөзімен сәйкестенуі нәтижесінде *тілге тиек* қалыптасып, септік жалғауларының дамуына орай *тіл+ге = тілге тиек* болған. Фраземалардың тұлғасы өзгерсе де, мағынасын осы күнге дейін сақтаған. Себебі тілге сылтау ету деп айтса да тілдік заңдылық бұзылмайды.

Сонымен қатар мұндай тіркес басқа түркі тілдерінде сақталмаған. Қазақ тілінде мағынасы бұзылмай, оның тұлғасының өзгеруі кездеседі. Қазіргі тілдік қорда *тіл мен жағына сүйену* фраземасы “әр нәрсені желеу ету, істің бабына, сөздің орайына көнбеу” мағынасында қолданылады. Ертедегі қазақтар сөйлеуге тек қана тілдің ғана емес, жақтың да қатысы барлығын ескеріп, алғашқы кезде *тілдағ* сөзін қос сөз деп қабылдай келіп, дәстүрмен *тіл-жақ* деп ұғынған. Осыған тәуелдік және септік жалғаулары қосылу нәтижесінде *тіл-жағына* сүйену фраземасы пайда болған. *Тілге тиек ету, тіл мен жағына* сүйену фраземалары-ертедегі түркі тіліндегі “тылдағ” тұлғасын тіліміздеежелден бар сөздерге ұқсату, сәйкестендіру нәтижесінде туған [Ә.Нұрмағамбетов, 1994; 284 б.].

Адам – табиғаттың жаратқан күрделі де, айрықша феномені. Жер бетіндегі қоғамдық өмірдің негізгі тұлғасы бола тұра, адам өз өмірінде небір ғаламат күйлерді басынан кешіріп, өзінің табиғи қасиетіне орай жан-дүниесімен тебірене сезіне алады. Адам басынан түрлі оқиғаларды өткізеді: олар қуанады, сүйсінеді, күледі, шаттанады, рахаттанады, сонымен қатар ренжиді, ашуланады, ашынады, күйінеді, сүйінеді, алданады, алдайды, біреуді немесе бір нәрсені ерекше жақсы көреді, жек көреді, түңіледі, бір нәрсеге қызығады, әуестенеді, құмартады немесе жиіркенеді. Адам бойындағы қасиеттер алуан түрлі. Осы қасиеттердің басым көпшілігі қазақ тілінде соматикалық фраземалардан мол көрініс табатынына көзіміз жетті.



Қазақ тілінде фраземалардың ұлттық-мәдени аспектілеріне синонимдік қатарлар тұрғысынан зерттеген профессор Г.Н. Смағұлова мағыналас қатарлардың топтарын антропоцентристік және тілдегі адамдық фактор тұрғысынан семантикалық өрістерге жіктеп, мынандай пікір айтады: “Адам бойындағы сезім саласындағы айырмашылықтар түрліше. Тұрмыс жағдайы, білім деңгейі, жас мөлшері, қоршаған орта әсері де ықпалын тигізеді. Қалыпты, күнде көріп жүрген, болып жатқан дүние құбылыстарын әркім әр түрлі қабылдайды, бағалайды” [Г.Н. Смағұлова, 1998; 56 б.].

Одан әрі фраземаларды адамның жағымды-жағымсыз қимыл әрекеті, сезім әрекеті, сезім жағдайы немесе жоғары эмоциялық фраземалар, адамның физикалық қалпы, сөйлеу дағдысы, жеке басына тән қасиеттері, қоғамдық-әлеуметтік жағдайы, түр-әлпеті және т.б. семантикалық топтарға бөледі [Г.Н. Смағұлова, 1998; 57-58 бб.]. Көріп тұрғанымыздай фраземалардың басым көпшілігі адаммен, оның сезімдерімен, қасиеттерімен байланысты пайда болған. Осы типтес фраземаларды жасауға негіз болған фраземалардың көпшілігі соматикалық үлесіне тиеді.

Ауыз – адамның, жан-жануардың тамақ қабылдайтын мүшесі [Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 1974-1986; 476 б.]. *Ауыз* соматизмі ұйытқы болған алдау-алдану

мағынасында жұмсалатын фраземалар: *ақ ауыз қылу-болу, аузы аппақ болу, аузын күн шығысқа қарату, аузы күн шығысқа қарап қалу, аузын аңқайту, аузы аңқиып қалу* және т.б.



Бас соматизмі VIII ғасырдағы көне түркі ескерткіштерінде, көне ұйғыр, қыпшақ және оғыз ескерткіштерінде, қазіргі түркі тілдерінің барлығында дерлік – baš, хакас тілінде – pas, чуваш тілінде – pus кездеседі. Қазақ тілінде бастың түрін анықтайтын *домалақ бас, сопақ бас, таз бас, қауын бас* т.б. тіркестер бар. І. Кеңесбаевтың "Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде" 169 фразема берілген.



Бет – бастың алдыңғы жағы, жүз [Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 1974-1986; 282]. Бет – адамның мінез-құлқын, қабілетін және т.б. жақсы-жаман қасиеттерін көрсететін негізгі мүше. Бет – жеке индивит өмірінде қайталанбас өзіндік эталон, тіпті бір құрсақтан шыққан қос тамшыдай егіздерді туған анасы бетіне қарап ажырата алады екен. Бір беттің екінші бетке ұқсамайтынын анықтайтын тіркестер тілде баршылық.

Бетке мұндай сипаттарды, әдетте, бір көргенде "баға" ретінде берген. Бір қызығы қазақ тілі мен ұйғыр тіліндегі *бет-жүз* фраземаларын салыстырғанда, қазақ тілінің фраземаларының көпшілігі бет соматизмімен келсе, ұйғыр тілінде *жүз (йүз)* соматикалық фраземалары саны жағынан басым болып шықты.

Мысалы *беті қалың ‹ үзи қелин, бетке басты ‹ үзигә салмақ, бетіне айтты ‹ үзигә әтмақ* және т.б.



Бет және *жүз* соматизмдері мағыналас сөздер болып табылады. Көне түркі ескерткіштерінде де jűz және ber лексемалары қатар қолданылған. *Жүзі жылы, беті қалың* деген тіркестер бір көрген адамға қарап отырып берілген баға.





Көз соматизмімен жасалған фраземалар саны басқа соматикалық тіркестермен салыстырғанда басымырақ екен. М. Ержановтың “Адамның сыртқы бейнесін сипаттайтын сөздердің лексика-семантикалық топтары” атты кандидаттық диссертациясында көздің 123 түрін сипаттайтын соматикалық тіркестерді көрсеткен: *үлкен көз, бадырақ көз, алақан көз, шатынаған көз, аялы көз, шақша көз, жұмық көз, жыпсық көз, бота көз, қой көз, құралай көз, шаян көз, сығыр көз, қысық көз* және т.б. [М.Ержанов, 1988; 13 б.]. І. Кеңесбаев сөздігінде көз соматизмімен жасалған 209 фразема берілген.

Қазақ тіліндегі адам интелектісіне қатысты лексиканы зерттеген Б.Ұ. Сағынова мынандай пікір айтады: “Сөз мағынасының кеңеюі, сөздердің семантикалық өрісінің бір-бірімен ұласуы, олардың тілдегі белгілі бір құбылысты, атауды білдірудегі бір-бірімен тура немесе жанама байланысын, адамның дүниені ақыл-ойы арқылы тану процесінің бір қырын соматизмдер арқылы танытады” [Б.Ұ. Сағынова, 1999; 13 б.].



Қазақ тіліндегі фраземалардың қалыптасуына сонымен қатар *құлақ, ауыз, тіс, мұрын, аяқ, жүрек, бауыр, бүйрек, іш* және т.б. анатомиялық атаулардың, дене мүшелердің қызметі айрықша. Олар сөзге арқау, ойға тірек болып, тілдің фразеологиялық бай қорын жасауда ерекше қызмет атқарады.

Қазақ халқының ерте кезден қалыптасқан әдет-ғұрыптары мен дағдыларында психологиялық іс-әрекеттер көп кездеседі. Сезімді, көңіл-күйді, іс-қимыл әрекеттен көп сөзбен айтпай-ақ ыммен, ишратпен, еппен сездіретін және соларды дәл бейнелейтін ойлы, сесті ұғымдар бар. Адамның анатомиялық атаулары (соматизмдер) олардың қимыл-қозғалыстарымен де тікелей байланысты. Адамның дене-мүшелері арқылы жасалған қозғалыстар соматикалық бейвербалды фраземалардың жасалуына ұйытқы болған. Коммуникативтік актідегі бейвербалды тәсілдерді зерттеу кинесикамен байланысты. Лингвистикада кинесика паралингвистикалық амал болып табылатын қарым-қатынас барысында қолданылатын кинемалар, мимикалар және пантомимикалық қозғалыстар, дене қимылдары ретінде қарастырылады.

Халық даналығындағы “ымды білмеген – дымды білмейді” ұғымы осымен тікелей байланысты. Қазақ ұлтының әдет-ғұрыптарын зерттеп, жинаушы, жазушы-этнограф С. Кенжеахмет дағды, ым-ишара туралы былай дейді: “Әдет, дағды, ишара, ым арқылы адамдар келісу, ашу-ыза, ұялу, жеңілу, жеңу, қайғыру, тағы басқа көңіл-күй көрінісін

білдірген. Қазақтың осы әдеті бүгін де қолданылады. …Оны жас ұрпақ білген жөн. Халық әдет-ғұрпы мінезіндегі өзіне жарасатын осы ұғымдар іс-әрекет, бет-пішін, түрлі қимылдар арқылы жасалады" [С. Кенжеахметұлы, 1998; 161 б.].

Ым және дене қимылдарын этикет формаларының құрамдас бөлігі ретінде қазақ және орыс тілдері деректері негізінде қарастырған А.Д. Сейсенова, ым және дене қимылдары тек қана коммуникативтік жету мақсатында әлеуметтік мотивацияға ие болады. Бұл ерекшеліктеріне байланысты кинемаларды ұлттық-мәдени нышаны бар құбылыс деп анықтауға болады. Сол себептен тілдегі паралингвистикалық факторлар белгілі бір этностың ұлттық белгілері тұрғысынан зерттелуі қажет, – дейді [А.Д. Сейсенова, 1998; 121 б.].

Паралингвистикалық амалдардың ішінде көп тарағаны – дене қимылдары. Соның ішінде херемалар (гр.hejr, hejros – қол) адамдардың қарым-қатынас барысында жиі қолданылады: *қол алысу, қол қусыру, қол соғу, қол жаю, қол сермеу, қол бұлғау, қол көтеру* және т.б. фраземалар сөйлеу ситуациясы мен қатынас ерекшеліктеріне қарай қолданылады. *Қол алысу* херемасы сәлемдесу, қоштасу, алғыс білдіру, құттықтау, танысу, достасу, шартқа отыру, келісімге келу, қолдау ситуацияларында кездеседі.

Қол алысу фраземасы негізінде қалыптасқан *қолды кеудеге қою, қол бұлғау, қол көтеру, қол жаю* және т.б. херемалар ізеттілік пен сыпайылық, ыстық ықылас пен жылы жүректің символы ретінде қолданылады. Қазақ халқының салт-дәстүрінде сақталған *табалдырықты оң аяқпен аттап кіру, сыйға тартар нәрсені оң қолымен беру, оң қолымен ишарат білдіру* т.б. ырымдар адамның кеудесіне оң қолын қоюы негізінде жүзеге асады.

Қол сілтеу "ренжу, өкпелеу", "не болсаң, ол бол" дегенде көңілі қалған, жәбірленген кісінің іс-әрекеті. Біреуге қол сілтесең – өзін жәбірлеу, сөгу деп те қабылдайды.

Қол көтерді "ұрды, соқты" мағынасындағы фразема бар. Осы фраземамен ұштас келетін кинесикалық мағына: 1. сөзім бар, айтарым бар; 2. тоқта, жетер; 3. жеңілдім, бағындым.

Қазақ тілінде *бас* соматизмі ұйытқы болған *бас иді, бас иіп сәлемдесті, басын салбыратты, басын көтерді* және т.б. фраземалар этикеттік форма ретінде тілде жиі қолданылады. Көз соматизмі *көз тігу, көзін қадау, көзін аларту, көзін қысу, көз тастау, көзін адырайту* және т.б. фраземаларына тірек болып әр түрлі ситуацияда қолданылады.

Ернін шығару "мазақ ету, келемеждеу" мағынасында қолданылады. Көбінесе әйелдер мен балалар қолданады.

Қабақ түю "біреуді ұнатпаудың, бір істі жаратпаудың, ренжудің" символы. Ондай адамдар туралы "қабағы түюлі ғой", "қабағы түсіп кетіпті ғой" дейді.

Маңдайын ұру "қатты өкіну, қателесу" мағынасында жұмсалатын фразема. Адамның өзіне-өзі берген қатаң жазасы болып табылады. Бір іске өкінген, қайғырған адам өз маңдайын жұдырығымен соғады. Бұл көбінесе ер адамдарға тән әрекет.

Сонымен қатар дене мүшелері арқылы жасалған кинемаларға қолданылатын жаза, тыйым түрлері де бар. Мәселен, *бүйіңді таянба, қолыңды төбеңе көтерме, саусағыңды беземе* және т.б. Бұлардың барлығы ата-бабаларымыздың салт, сана, әдет-ғұрпындағы ғасырлар бойы жинақталған, дәстүрге еніп қалыптасқан халықтың, ұлттық бай қазыналарымыздың тармағы болып табылады.

Адамның басқа да дене мүшелері арқылы жасалған фраземалар ұлттық-мәдени белгілеріне ие, олар ұлттық дәстүрмен, таныммен байланысты туындайды. Қазақ салтындағы келіннің *тізе бүгіп амандасуы, бас иіп тәжім етуі, ас қайырып, қол жаюы* проксемикалық құбылыстардың этнос мәдениеті мен оның тілінің өзара байланысын көрсетеді.

Пайдаланылатын әдебиеттер:

1. Ахметов Ә. Түркі тілдеріндегі табу мен эвферизмдер. – Алматы: Ғылым, 1995. – 175 б.

2. Авакова Р.А. Фразеосемантика. Монография. –Алматы: Қазақ университеті, 2013.

3. Болғанбаев Ә., Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы, 1997. – 256 с.

4.Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы, 1977. – 711 б.

5. Қашқари М. Түбі бір түркі тілі. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 191 б.

6. Қайдаров Ә., Ахтамбердиева З., Өмірбеков Б. Түр-түстердің тілдегі көрінісі. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 220 б.

7. Нұрмағамбетов Ә. Бес жүз бес сөз. – Алматы, 1994. – 304 б.

8. Сатенова С.К. Қазақ тіліндегі қос тағанды фразеологизмдердің тілдік және поэтикалық табиғаты. – Алматы, 1997.

9.Сағидолла Г. С. «Түркі – моңғол тілдік байланысы: топонимия және фразеология». – Астана, 2011.

10. Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді. – Алматы, 1994. – 190 б